

ТҮЛЕК МОДЕЛІ

	6B07104 – «Көлік, көліктік техникасы және технологиялар»	7M07104 - «Көлік, көліктік техникасы және технологиялар»
Қолдана білуі тиіс:	- жүйелік ұғымдарды қолданып, мәселелерді түсіну және айқындау; - техникалық, технологиялық, ұйымдастырушылық, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді талдауда бағдарламалық-мақсаттық әдістерді пайдалану; - салалық, салааралық және шетелдік озық тәжірибені тиімді қолдану; - көлік техникасын жобалау, өндіру, пайдалану және олардың жұмыс режимдерінің ерекшеліктерін анықтау; - тозу, коррозия және құрылымдардың беріктік қасиетін жоғалту механизмдерін талдау нәтижелерін пайдалану; - көлік саласындағы заңнамалық актілер мен техникалық нормаларды, соның ішінде қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек жағдайы мен экологиялық талаптарды сақтау және қолдану; - ұжымды басқарудың әлеуметтік-психологиялық негіздерін қолдану.	- көлік өндірісінің техникалық, технологиялық, ұйымдастырушылық, басқарушылық, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерін талдауда бағдарламалық-мақсаттық әдістерді қолдану; - көлік саласында қолданыстағы заңнамалық актілерді, техникалық нормативтерді, ережелер мен нұсқаулықтарды пайдалану; - отандық және шетелдік озық тәжірибені тиімді қолдану; - кәсіби қызмет саласына байланысты негізгі өндірістік процестерді орындауға арналған жұмыстарды ұйымдастыру және іске асыру; - жүйенің (кәсіпорын, ұйым, цех, учаске және т.б.) мақсаттарын талдау (декомпозициялау) және мақсаттарға қол жеткізудің тиімді әдістерін таңдау; - компьютерлік техника мен ақпараттық технологияларды (жүйелерді) еркін пайдалану.

Білуі және түсінуі тиіс:	- машина жасау және жөндеу өндірістерінің ұйымдастырушылық құрылымын; - көлік техникасын салыстыру және бағалау негіздерін; - өндірісті талдау және жетілдіру кезінде бағдарламалық-мақсаттық әдістер мен оларды қолдану әдістемесін; - көлік техникасының құрылымын; - саланың заңнамалық және нормативтік базасының негіздерін; - нарықтық экономиканың негізгі қағидаттарын; - инженерлік есептеу және инженерлік пен басқарушылық шешім қабылдау әдістерін; - кәсіпорындар мен қызмет көрсетуші персоналды сертификаттау және лицензиялау негіздерін; - көлік техникасының құрылысында қолданылатын материалдар мен олардың қасиеттерін; - баламалы отын түрлерінің қасиеттері мен қолдану ерекшеліктерін; - баламалы отын пайдаланатын көлік техникасының құрылымдық ерекшеліктерін; - кәсіби қызметте ғылым жетістіктерін пайдаланудың қазіргі жағдайы мен бағыттарын; - персоналмен жұмыс істеу, қарым-қатынас жасау, кадрларды іріктеу және орналастыру әдістерін; - таңдалған қызмет бағыты бойынша шетелдік тәжірибені.	- тасымалдауды ұйымдастыру, қозғалысты реттеу және көлікті пайдалану процестерімен байланысты негізгі объектілерді, құбылыстар мен үдерістерді; - жылжымалы құрам мен тиеу-түсіру жабдықтарына қойылатын негізгі техникалық-экономикалық талаптарды; - көлік жолдарының пайдалану сапасын және қалалық көлік жоспарлауының қағидаттарын; - саланың заңнамалық және нормативтік базасының негіздерін; - нарықтық экономиканың негізгі қағидаттарын; - есептік және есеп-қисап құжаттамасын жүргізу және ресімдеу ережелерін; - көлік құралдарының қозғалысын, жүк жеткізу жүйелерін модельдеу және жобалау әдістерін; - сертификаттау мен лицензиялаудың негіздерін; - кәсіби қызметте ғылым мен техниканың озық жетістіктерін пайдалану бағыттары мен тәсілдерін; - көлік өндірісін талдау және жетілдіру кезінде қолданылатын бағдарламалық-мақсаттық әдістер мен олардың қолдану әдістемесін.
---------------------------------	--	--

Құзыретті болуы тиіс:	- зерттеу әдістері мен құралдарын қолдануда; - көлік техникасы мен жабдықтарын пайдалануға арналған негізгі нормативтік құжаттарды қолдануда; - метрологиялық ережелер мен нормаларды сақтауда; - қолданыстағы өндіріс жағдайында техникалық бақылау әдістерін меңгеруде; - ғылыми-техникалық ақпаратты іздеу және пайдаланудың тиімді тәсілдерін қолдануда; - еңбек қауіпсіздігін ұйымдастыру және апаттық жағдайларды жоюда; - ақпараттық жүйелердің аппараттық және бағдарламалық-аппараттық кешендерімен жұмыс істеуде.	- юни-, мульти- және интермодальды тасымалдауды ұйымдастыруда; - жол қозғалысын ұйымдастыруда; - көлікті пайдалануда; - көліктің әртүрлі түрлерінің өзара әрекеттесу саласында; - еңбек заңнамасы саласында.
-------------------------------------	---	--